

Сауран ауданы адамы
әлеуетті дамыту бөлімі
«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі



**«Қос-Қорған» жалпы орта мектеп КММ-нің
тәлімгері Х.Нарзулланың 2022-2023 оқу
жылындағы Республикалық біріңгай
«Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер
ұйымымен атқарған жұмыстарының есебі**

Дайындаған аға тәлімгер: X. Нарзулла

«Қос-Қорған» жалпы орта мектеп КММ-нің тәлімгері Х.Нарзулланың 2022-2023 оқу жылындағы Республикалық бірінгай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер үйымымен атқарған жұмыстарының есебі

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде, өскелен жас үрпактың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында Республикалық бірінгай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер үйымы түзілді және 2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспары 7 бағыт бойынша жасап бекіттірілді.

1. «Зерде» бағыты. Өзін-өзі тану, отбасы және қоршаған орта туралы толық білу, осы заманға ғылыми және мәдени біліммен қарулану. Сабактан тыс уақытта оқушылардың зияткерлік деңгейінің көтерілуін жаң-жақты көзқарасының кеңейуін жетілдіруге үнемі ізденіс пен білімге деген құштарлығын арттыру мақсатында өткізілген іс шаралар.

01.09.2022 жылы «Білімге үмтүлу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында білім күніне арналған салтанатты жиын өткізілді. Іс-шараның мақсаты 2022-2023 оқу жылының үйымдастырылған түрде бастау, білім алушылармен бірге білімге үмтүлу, отаншылдық, еңбексүйгіштік күндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау. Оқушылардың окуына позитівті ынталынын, оқушылардың окуга және өз деңсаулығына құндылықты қарым-қатынасын қалыптастыру, өзін-өзі үйымдастыруға дағдыландыруға аса назар аударды.



02.09.2022 жылы «Жас ұлан» үйым мүшелерімен кеңес өткізілді. Бұл кездесуде үйым мүшелері Республикалық бірінгай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер үйымының мақсат- міндеттерімен танысты.



03.10.2022 жылы мектепшілік «Ерікті жас қыран» тобы құрылды және «Ерікті жас қыран» тобы мүшелері сайланды. Ерікті жас қыран тобымен мектептегі көмекті қажет ететін кісілерге көмек беру жұмыстары жүргізілді.



Окүшылардың өз ойын ашық білдіріп, еркін сөйлеуін, маңызды мәселелерді талдау, түсіне алу қабілетін дамыту мақсатында 10.04.2023ж күні «Жігерлі болусенімді болу» тақырыбында пікірлесу өткізілді. Бұл кездесуде үйым мүшелері бір бірімен пікір алмасып, өз ойларын ашық айттып сенімді, жігерлі болу үшін не істеу керектігін талқыға салып, өзара пікір алмасты.



16 қараша күні мектебімізде кітаптың адам өміріндегі орны тұралы түсінік беру, мәдениетті парасатты, рухани ойлауы терен, ар-ожданы мол, еңбеккор ұрпакты тәрбиелеу; кіиапты сүйе білуге, кітапты қадірлеуге баулу мақсатында «Кітап - оқушының қазынасы» атты акция өтті.



14 наурыз күні 5-сынып оқушылары арасында оқушылардың сөйлеу өнерін дамыта отырып, шығармашылықта, ізденімпаздықта үйрету мақсатында «Қазақстан: кеше, бұгін, ертең» тақырыбында пікірталас өткізілді.



2.«Отан» бағыты. Отанымыз Қазақстанның өткен тарихы мен оның калыптасуы, дамуы, нығайту жолдарымен таныстыратын, халық тарихына қатысты ұлы тұлғалар жөнінде білім беретін, әдеби және мәдени құндылқтарды насиҳаттауға арналған іс-шаралар.

Мектебімізде қазан, қантар, сәуір, мамыр айларында менкеп жанында эстетикалық және экологиялық тартымды кеңістік күру, еңбеккорлықты, өз мектебіне деген сүйіспеншілікті арттыру, табиғатқа ұқыпты қарау мақсатында мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.



08.12.2022ж «Мен өз Отанымның патриотымын» тақырыбында патриоттық әндер байқауы үйымдастырылды. Байқау барысында оқушылар өздерінің барлық шеберліктерін көрсете алды.



Сауран Ауданы Білім Бөлімі нің жылдық жоспарына сәйкес "16 желтоқсан-Тәуелсіздік күні" мерекесіне орай "Кос-Қорған" жалпы орта мектебінде оқушыларды Республикалық бірінғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер үйымына қабылдау 2022 жыл 13 желтоқсан күні "Біз елдің ертеңі" тақырыбында мектепшілік іс-шара өткізілді. Аталған іс-шараға мектептің мұғалімдері, оқушылары қатысты. Мектептен 74 оқушы "Жас ұлан" үйымына, "Жас қыран" үйымына 32 оқушы қабылданып галстук тағу рәсімі өткізілді. Мектеп файесінде фото көрмелер үйымдастырылды. Үйымға қабылданған жас ұрпақ өздері Отан алдында патриоттық сезімде болды.



21 наурыз күні «ҚОШ КЕЛДІҢ – ӨЗ НАУРЫЗ» тақырыбында мерекелік іс-шаралар мен концерттік бағдарламасы мен атап өткізілді. Ис-шара барысында ұлттық дәстурлер мен мерекеленді.



04.05.2023ж күні 9 мамыр Ұлы Женістің 78 жылдығына орай , Ұлы Отан соғысында құрбан болған аталарымыз бен әкелеріміздің, мәңгі жас болып, жадымызда сакталған жауынгерлер рухына, бейбіт кезенде дүниеден өткен ардагерлерге, бүгіндегі ортамызда жүрген Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл ардагерлерін құрметтеп, ерліктерін ұлықтау мақсатында «Ұрпакқа ұран болған ұлы женіс» тақырыбында мерекелік кеш откізілді.



3.«Руханият» бағыты. Балалар мен жас жетекшілерді жалпы адамгершілік қасиеттерге ие болуга және Отанға, еңбекке, жалпы қоршаған ортаға, өзінің жеке тұлғасына деген сезімін тәрбиелеу. Отан алдындағы парызын сезінетін, адалдық, адамгершілік ұстанымдарды берік сактауға үйрететін шараларды қамтиды.

22.09.2022ж күні «Ақылды қария, ағып жаткан дария» тақырыбында ауыл ақсақалы Насир аптамен кездесу үйымдастырылды. Жас ұлан үйымы мүшелерімен Насир атасың үйіне барып сұхбат жүргізілді. Бұл кездесуде оқушыларға Насир ата білімді білікті болу үшін жаксы оқып, тынбай енбек ету керектігін айттып өзінің ақыл кенестерін айтты. Сұхбат сонында Насир ата оқушыларға сендер де елге елеулі, үлкен қызметтерде болып шынайтын болып табылады.




18.04.2023ж күні Рухани келісім күніне орай «Жат ағымдарға жол жок» тақырыбында діни экстремизм және терроризм жөнінде түсінік және оның алдын алу, сактық шаралары түралы жәнеде шет елде білім алудың қаупі түралы Сауран адами әлеуетті дамыту бөлімінен білікті мамандар келіп оқушылармен сұхбат жүргізілді.



Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Корған» жалпы орта мектебінде 18 қантар күні «Қыз қылышымен көрікті» тақырыбында қыздар жиналышы өткізілді.

Мақсаты: қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани-адамгершілік, әдептілік, сырайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерін дамыту.




01.03.2023ж күні Алғыс айту, амандасу күніне орай «Сәлемдесе білейік» тақырыбында 2 -сынып окушыларымен сұхбат өткізілді. Сұхбат барысында халқымызда «сәлем- сөздің анасы»-деп ұл қыздарын ең алдымен сәлемдесу әдебіне баулығандығы, сәлемдесуіне қарап баланың тәрбиесіне баға беретіндігі тұралы түсіндірліді.



4.«Салауатты өмір салты» бағыты. Ағзаны шынықтыратын, дененің дұрыс қалыптасуын, мүсіннің сымбатты болуын қамтамасыз ететін, гигиеналық дағдыларға баулықтын, ұлттық ойындарды менгеретін, салауатты өмір салтын насиҳаттайтын ішшараларды камтиды.

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Корған» жалпы орта мектебінде 7 желтоқсан күні окушылардың өз деңсаулығына жауапкершілікпен қарау, сезімдерін дамыту, деңсаулық тұралы білімдерін, салауатты өмір жайлы ой-пікірін қозғау мақсатында «Денсаулықты сақтау баршаның міндеті» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.



Балалардың қыскы ойындар тұралы білімдерін көңейту, бала денесін ойын арқылы қолғалысқа келтіріп, таза ауда шынықтыру, салауатты өмір салтына тәрбиелеу мақсатында 13 акпан күні 5-сынып окушыларына «Қыста талай қызық бар» қыскы ойындармен таныстыру жұмыстары жүргізілді жәнеде окушылар мектеп ауласында қызықты ойындар ойнады.



«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 1 желтоқсан халықаралық ЖИТС/АИТВ-ға қарсы күрес күніне орай 24 қараша күні мектеп спорт залында «Біз нашакорлыққа қарсымыз» тақырыбында флексмоб өткізілді. Флексмобты ДТДЖО С.Жаппаров ашып берді. С.Жаппаров окушыларға нашақорлық зиянды әрекеттілігін айттып түсіндірді. Денсаулық мол байлық екенін айтты.



5. «Енбек және мамандық» - бағыты. Жеке тұлға ретінде қалыптасуға ықпал ететін, қоғамдық негізінде ұйымдастырылған жұмыстарға катысу. Келешек мамандығын дұрыс таңдауға ықпал ететін іс-шараларды қамтиды.

1. Оқушыларға болашақ мамандық және оку бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту мақсатында «Алуан, алуан кәсіп бар, таңдай біл де талап қыл» атты әр сала қызыметкерлерімен кездесу кеші ұйымдастырылды. Мектептің акт залында «Алуан, алуан кәсіп бар, таңдай біл де талап қыл» мамандық таңдау кеші мектеп ұжымымен бірлесе өткізілді. Келген контакттар өз мамандықтары, кәсіппері туралы әнгімелеп, оқушылар қойған сұрақтарына жауап берді. Мектеп тұлектеріне сәт-сапар, сәттілік тіледі. Оқушылар ән-би орындан кешті көріктендірді.



2. Мектебімізде оттан сақтанудың жолдарын, өрттің табиғатқа, адамға әкелетін зардабын түсіндіре отырып, сірінке, оттық т.б қәтерлі нәрселерден аулақ болуға тәрбиелеу мақсатында 9 наурыз күні 6-сынып оқушылары арасында «Өрт тілсіз жау» сурет салу байқауы болып өтті.



3. Мектебімізде жүйелі түрде, әр айда мектеп жанында эстетикалық және экологиялық тартымды кеңістік күру, енбеккорлықты, өз мектебіне деген сүйіспеншілікті арттыру, табиғатқа ұқыпты қарау мақсатында «Табиғат ортақ үйіміз» тақырыбында тазалық жұмыстары жүргізілді.



4. Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Корған» жалпы орта мектебінде «8- Наурыз халқаралық әйелдер күніне» орай «Анамызға мың алғыс» тақырыбында концерттік бағдарлама өткізілді.



6.«Эко-әлем» бағыты туралы түсініктерін кеңейтуге, табиғат пен адамзат арасындағы байланысты сезінуге, қоршаган орта сұлұлығын сегінуге жәнем көре білуге, оны коргауға, туған өлкө тағибатын танып білуге экологиялық зардаптардың себебін түсіндіріп, оны оюға ұмтылатын тұлға қалыптасуға бағытталған іс-шараларды қамтиды.

1.«Қос-Корған» жалпы орта мектебінде «Құстарға қамкор болайық» атты тақырыпта сурет көрмесі өткізілді. Мақсаты: Окушыларға жалпы құстардың пайдасы туралы, олар жөнінде мағлұмат беру. Құстарға қамкор болуға, аялауға бейімдеу. Әлем құстарымен таныстыру.



2. «Кос-Қорған» жалпы орта мектебінде 13.05.2023 ж. күні сағат 12.00 – де «Төғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында мектептің мұғалімдері және 9 – 10 – 11 сынып оқушыларының қатысуымен «Жасыл мекен» чөллендікі өткізілді.

Іс-шара барысында оқушылар және мұғалімдер мектеп ауласындағы көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстарын атқарды.

Ауланы көгалдандыру мақсатында жаисл желектер, әр түрлі ғұл көшеттерін өтырғызып, өтырғызылған ағаштарды күтіп, баптау жұмыстарын ұйымдастырыды.



7.«Жеті жарғы» бағыты бойынша – « Жас ұландықтардың » тұлғалық, әлеуметтік, құқықтық біліктіліктерін, азаматтық белсенділіктерін және саяси сауаттылығын, өз міндеттерін орындау және өз құқығын коргай білу қабілеттерін қалыптастыратын, тәрбиеленушілердің құқықтық санасын, олардың балалар мен жастар ортасында құқық бұзушыларға қарсы тұруға дайындығын дамытатын бағыт.

1. «Кос-Қорған» жалпы орта мектебінде ---қараша күні өмір адам баласына бірак рет берілетін қымбат сый екеніне ықпал ету, адам бойында болатын асыл қасиеттерді, адамгершілік , мейірімділік сезімдерін дамыту, жақсы қасиеттерді үрету, балалардың ойын ашу, өмірге деген көзқарастарын қалыптастыру мақсатында «Қымбат маған өмірім» тақырыбында пікірталас өткізілді.



2. «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 8 желтоқсан күні қоғамда сыйбырылас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Тәуелсіз елім-жемқорлықсыз» атты 9 сынып оқушыларымен сұхбат өткізілді.



3. «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында «Біз және зан» тақырыбында Эмірбек Елнурбек Ергешұлы мен кездесу өткізілді.



Мектеп директоры:

Тәлімгер:



М.Изатуллаева

Х.Нарзулла